

**Тәуелсіздік дәуірі қазақ прозасындағы әлеуметтік-тұрмыстық
тақырыптардың белең алуы мен антиқұндылықтар**

Маратов Қ.М.

М.Өтемісов атындағы БҚУ 2-курс магистранты

Ақбулатов А.А.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, философия докторы (PhD)

aidarbek_akbulat@mail.ru, 87752363682

Андатпа

Мақалада Тәуелсіздік дәуірі қазақ прозасындағы әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптардың белең алуы мен антиқұндылықтар мәселесі талданады. Қазіргі қазақ әдебиетіне әлемдік әдебиеттегі тенденциялардың ықпалы, жаңа қоғамдық құрылымның басталуымен қатар келген жұмыссыздық, әлеуметтік-экономикалық тоқыраудың кесірен жастар арасындағы ішімдікпен әуестену, ұрлық, нашақорлық, жемқорлық т.б. мәселелердің көркем әдебиеттің тақырыптық арнасына ұласуы зерттеледі. Аталған тақырыптар Ш.Мұртаза, Н.Дәутайұлы, Е.Қойбағарұлы т.б. шығармалары негізінде сараланады.

Түйін сөздер: әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптар, антиқұндылықтар, жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық мәдени код, жатыну мәселесі, т.б.

Преобладание в казахской прозе эпохи Независимости социально-бытовых тем, а также проблемы краха общечеловеческих ценностей.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы преобладания в казахской прозе эпохи Независимости Республики социально-бытовых тем, а также краха общечеловеческих ценностей. Также автором отмечается большое влияние на казахскую литературу современных тенденций развития мировой литературы, в которой преобладают темы изменения миропорядка, сопряженные с застоем социально-экономического развития общества, алкоголизмом, наркоманией, воровством, коррупцией в социуме. Этим темам, как отмечает автор, посвящены произведения таких казахских писателей, как Ш. Муртаза, Ш. Даутайұлы, Е. Койбағарұлы.

Ключевые слова: социально-бытовые темы, крах ценностей, общечеловеческие ценности, национально-культурный код, проблема бедности.

Тәуелсіздік кезең әдебиетінің негізгі жетістіктерінің бірі – ұлттық құндылықтарға қарай бет бұру. Қаламгерлер бұл жылдары өз халықының ұлттық ерекшеліктері мен әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, ана тіліне көңіл бөліне бастады. Соңғы отыз жылдағы қазақ әдебиетінде қаламгерлердің бәрі ұлттық құндылықтарға баса назар аудара отырып, қоғамның назарын тек күнгей жақтарды суреттеуді емес, көлеңкелі антиқұндылықтарды да, әлеуметтік-тұрмыстық, қылмыс проблемарының да әдебиеттің күнделікті тақырыбына айналуы замана тынысынан хабар берсе керек. Әдебиет ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ғана насихаттау арқылы адамзат

баласына ортақ өзекті мәселелерді көтеріп қана қоймайды, сондай-ақ жамандықтан да жирендіріп, адамзат баласының ішкі рухани болмысына, әсер етуші қоғамдық антиморальдық құндылықтардың орын алып отыруын да ашық суреттейді.

Сондықтан мақаламызда жоғарыда аталған мәселелерді зерттеу арқылы адамгершілік, адами құндылықтар мен антиқұндылықтардың да қатар жүретін натуралистік сипаттарының көркем әдебиет арқылы эмоциональды-экспрессивті түрде жеткізілуін зерделеуге тырысамыз.

Жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар, антиқұндылықтардың да көркем әдебиеттің негізгі тақырыптық мәселесінің өзегіне айналауы, ең алдымен, қазіргі қазақ әдебиетіндегі әлемдік әдебиеттегі тенденциялардың белең алуымен тығыз байланысты екені мәлім. Бұл мәселені қазіргі жастар прозасындағы ұлттық рухани, ұлттық мәдени кодқа қатысты дәстүрлі ұғымдарға қарсы, постмодернистік ұғым-түсініктердің көтерілуінен, адамды тану, оған деген жаңаша көзқарастардың жаңаруынан байқауға болады.

Жаңа қоғамдық құрылымның басталуымен қатар келген жұмыссыздықтың белең алуы, жастардың көбінің қолы бостықтан ішімдікпен әуестеніп, ұрлықтың көбеюі тәуелсіздік жылдарындағы қоғамдық келеңсіздік екендігі белгілі. Осы шешуі табылмай жатқан жайттар сөз өнеріне де өзіндік әсерін тигізіп, сол тұстағы түрлі қоғамдық өзгерістер әдебиетте, оның ішінде прозада тақырып ретінде көтерілген еді [1,13].

Әлеуметтік тұрмыстың иірімінен шыға алмай, рухани тоқырауға ұшырау, қоғамнан түңіліп, өз ортасын жатсыну, өмір сүру бағытының күрт өзгеруі әдебиетте бұрыннан-ақ қозғалып келе жатқан тақырып. Яғни жатсыну сияқты философиялық категория – экзистенциализмнің күрделі концепцияларының бірі екендігі белгілі. «Философиялық ғылыми мәселе ретінде жатсыну көп жылдар бойы маркстік-лениндік ілімге қарсы қойылып, тек бір жақты түсініктердің ауқымында қалып қойды. Бүгінгі дәуірде әлемдік мәдениеттердің интеграциясы күшейген шақта, рухани ықпалдардың төркінін танып, өрісін барлау ғылым алдындағы маңызды істердің бірі екені анық» [2,736.]. Жатсыну мәселесін зерттеуші ғалымдардың пікірінше, адамдар бірін-бірі жатсынады, екіншіде, адамдардың өздерінің іштей құлазуы мен жалғыздығы, өзінен өзінің жатсынуы немесе жерінуі, ал, үшіншісі адамның қоғамды жатсынуы, яғни қоршаған ортадан адамның безіну құбылыстарының себебі мен салдарын ерекше атап көрсетеді. Алд, аталған мәселе қазіргі көркем әдебиеттегі ерекше тенденциялардың бірі ретінде, әсіресе, прозада ерекше көркемдік тенденцияға ие болып отыр.

Тәуелсіздік жылдардағы қазақ өміріндегі әлеуметтік тұрмыстық мәселелерді, антиқұндылықтардың дендеп енуін ашық көре білген және батыл көтерген қаламгердің бірі – Шерхан Мұртаза болатын. Ол өзінің кесек-кесек туындылары арқылы өзінің айналасында өтіп жатқан жайттарға бейжай қарай алмай, сол мәселелерді өзінің озық туындылары арқылы көрсетіп, оқырман қауымға үнемі ой салып отырды.

Шерхан Мұртазаның қазіргі заман антиқұндылықтары мен антиқаһармандары туралы әңгімелерінің бірі «Қаңғыбастар мен шағалар»

атты әңгімесі. Бұл әңгімесінде автор Алла тағала жіберген періште іспеттес шағалалар көзімен өмір толқынының айдауымен бомыждық жолға түскен міскіндердің тірлігіне үңіліп, қалаға арман қуып келген талай қызы жігіттің тағдыры әртүрлі арнаға бұрылып, армандары қол жеткізбес елеске айналғанын, сан қилы тіршілікті басынан өткерген кішкентай адамдар бейнесінде жеткізеді. Шығармадағы оқиға өтетін мекен-шақ белгісіз қалпында қалатын N қаласы. Сол қалаға арманмен келген Жаңыл есімді кейіпкер өмірдің бомыждық тағдыр тәлкегіне қалай ұшырағаны сөз болады. Әңгіме кейіпкері ата-анасынан жырақта, тәрбиесі түзу болмай интернатта өседі. Жаңыл қаланың қатал өмірінде өз жолын таңдай алмай адасып, адамдықтың жолынан, ар жолынан аттап, ең төменгі деңгейге дейін құлдырап кетеді. Ақыр соңында адам айтып жеткізе алмайтын қатыгездік жасап, денесінен бөлініп шыққан шарананы қоқыс жәшігіне тастайды. Әңгіме соңында шағала болып келген періштелер опат болған баланы көкке алып кетеді.

Автор баласын қоқыс жәшігіне тастаған күнаһар әйелдің іс-әрекетін төрт марғауды қатар тауып, емізіп өсірген қаңғыбас мысықпен салыстыра суреттейді. Мысық екеш мысықтың өзі далада қалса да балаларына қастық қылмайды. Адамның хайуаннан да төмен деңгейге түсетініне әңгіме оқып отырып қынжыласың. Әңгімеде автор елімізде күнделікті көрніс тауып жатқан келеңсіздіктердің бір түрін мәселе етіп көтерген. Ашаршылық заманда өлім ауызында жатқан балаларын бір уыс дәнмен аман алып қалған бабаларымыздың ұрпағының қаншалықты рухани дағдарыс пен пенделік қатыгездікке бой алдырып, адамгершіліктен алыстағанын автор шебер суреттеген. Бұл әңгімедегі өмір шындығы қазіргі таңда күнделікті көз үйренген көп келеңсіздіктің бір түрі болып қалды. Ұлттық тәрбиеден, ұлттық құндылықтардан ажыраған бүгінгі қатыгез қоғамның келбетін ащы да болса, шындығымен көрсетеді.

Ел ішін жайлаған жұмыссыздық, жоқшылық, идеологиялық тәрбиенің әлсіздігі мен болашаққа деген бағыт-бағдар мен сенімнің жоқтығы әсерінен азып бара жатқан жасөспірімдер, ала дорба арқалаған үйсіз-күйсіз әйелдер, азғындық жолына түскен жастар, бұрын естіп білмеген кейіпкерлердің әдеби бейнеге айлануы, әрине, өмірдің күнгей жақтары мен қоса, көлеңкелі тұстарының да бар екенін, оқырманға шынайы жеткізуге септігін тигізді. Осының бәрі жиналып келіп, адам болмысына көптеген өзгерістер әкелгені аян. Әсіресе, елдің намысын қорғайтын арыстай азаматтардың сағы сынып, тіленшілікпен күн көруі, болашақ ана болатын қара көздеріміздің жезөкшелікпен айналысып, маскүнемдікке, нашақорлыққа салынып, түрлі қылмыстарға баруы, әрине, ұлт болмысына жат тіршілік, жат идеология, жаһандық субмәдениеттің көріністері десе де болады.

Жоғарыдағы, әңгімегедегі мәселені қаламгер Несіпбек Дәутайұлының «Ақкүшік» хикаяты да жалғай түскендей. «Ақкүшік» хикаятында Қалдыбай мен Бекзат есімді ерлі-зайыптылар екі адамның өміріндегі отбасылық қасіреттерін баяндайды. Қалдыбайдың диірменші орыс шалдың үйіне барғыштап, онымен бірге самогог ішіп жүруінің де өзіндік себептері бар. Бір

қараған адамға он екі мүшесі сау, тепсе темір үзетін жігіттің тән жарасы мен жан жарасы қосылғанда өмірде одан өткен бақытсыз бейбақ жоқта әсер береді. Ал ерлі-зайыптылардың арасын қосып тұрған ақ күшіктің ерсілі-қарсылы зыр жүгіруі иттің адамға адал дос бола білетіндігін байқатса, Өрікайдар екі аяқтылардың қасында жүрген жолдастарына да жақсылық тілемейтінінің мысалы.

Кілең зейнеткелер мен мұғалімдердің және басқа да қарыз алушылардың жеке куәліктерін сейфінде сақтап, оларды өзіне тәуелді студия заманауи тәсілін меңгерген Өрікайдар, түптеп келгенде адам емес. Алайда, бүгінгі заман тап осындайларды «іскер» «кәсіпкер» деп әспеттеп жатса, оның да бір жөні болуға тиіс. Айтайық, әлгі ауыл адамдарының қалтасында ақша деген құдірет айлап-жылдап жата береді дейсің бе, таусылады, жоқ болады. Міне, сол кезде Өрікайдар қарызға керек-жарағынды бере қояды. Мұндай адам қалай жаман болсын. Бірақ бәрі арғы жақта: ниетте, өсімқорлықта, алдауда, алаяқтықта болып отыр.

Жазушының шынайы өмір мен әдеби өмірдің аражігін соншама ажыратып жібермейтін өзіндік ерекше танымында оның кейіпкерлері өте таныс бейнелер ретінде біздің арамызда жүр. Адамдарды көп әдебилендірмей, нақтырақ айтқанда, оларды оқырманға, әдеби кейіпкерлер сияқты ұсынбай, бір-бірінен алшақтатпай, тұтас күйінде суреттеу – Н.Дәутайұлы шығармашылығындағы басты ерекшелік. Бір қарағанда натурализм сияқты қабылданатын оның прозасындағы өмір шындықтары адамды әдеби кейіпкерлер әлеміне көп бойлата бермейді [3,396].

«Еркектен ес қашты, бүгін. Жігіт-мігіт кезең. Неге, неліктен?» деген риторикалық сауалға жазушы былай жауап береді: «Қоғамның ер-азаматтығының азғындауынан ба? Солай емей, не? Осы күні әйел мен еркек хайуанаттық жыныстық қарым-қатынасқа бейім – сату мен сатылу бар. Ұрғашы күні үшін сатылады, еркек қанағаты үшін сатып алады. Индет індеп келеді. Қоғам бәрін көріп-біліп отыр. Қоғам еркегі мен ұрғашысының сайқалдығына дым істей алмайды» [4]. Шығармаға арқау болған артық-кемі жоқ, өзіміз естіп, көріп жүрген жайттар. Олай болса, жазушы жекелеген кейіпкерлер арқылы бүгінгі қоғамның дертіне айналған ылаңға шипа іздейді. Шипа боларлық дәріменді оқырмандарынан күтеді.

Автордың шығармашылығында жалпы адами құндылықтар, ірілік пен пен ұсақтық, кие мен қасиет, құдірет пен тылсым,, батырлық пен ездік, еркектік пен ездік көп зерттеліп жазылады. Жазушының дүниетаным кеңістігі кие мен қасиетті, жалпыадами құндылықтарды көтере жазуға ынталы. Оған оқырманын сендіру емес, сезінуге құрмет көрсетуге аяқ асты етпеуге шақыратындай өмірдің өзінен алып жазады. Ол осы тұрғыдан адамзаттық мұраттардың белесіне көтеріледі.

Е.Қойбағарұлы медпсихолог, психотерапевт болғандықтан «Суицид» [5] шығармасында өзіне етете жақын, таныс тақырыпты таңдап алған. Негізі екі кейіпкердің сұхбатына құрылған хикаятта адам жанының тығырыққа тірелуі, күйзеліске ұшырауының себеп-салдарына үңіліп, оған тиісті дәрежеде ем жүргізбесе, өлім туралы ойлаған адамның соған жетпей

тынбайтындығына көзіміз жетеді. Хикаяттың негізгі идеясы – бүгінгі таңдағы белең алып бара жатқан суицидтің алдын алу, қоғам мен заман қыспағынан тығырыққа тірелген жандардың жанына шипа іздеу, оларды емдеу.

«Сергелдең сезім» хикаятындағы он үшінші нөмерлі жедел жәрдем машинасының мүшелері дәрігер Шәміл, медбике Катя, жүргізуші Захар – үшеуінің бір күнгі тіршілігінің өзі олардың қызметтерінен толық хабар берсе, «Бала мен қайыршы» хикаятының оқиғасы «тұнжырай төңкерілген, сұп-сұр өлі аспаннан толассыз сіркіреген сылбыр жауын» жауып тұрған қара күздің бұлыңғыр, суық күнінен басталады.

Жазушы босқындардың тіршілігі арқылы бүгінгі қоғамның көлеңкелі жағына жан бітірген. Осындайлардың алдын алуға бола ма? Болса қалай деген сауалдар оқырманға ой салады. Баласын тастап кеткен безбұйрек аналар, әке-шешеден айырылған тұлдыр жетімдер, әке-шешесі араққа салынып ішіп кеткен балалардың көше кезіп босқын болуы ащы болса да, өзіміз өмір сүріп отырған ХХІ ғасырдың шындығы [3,397].

Мақаламызда тәуелсіздік жылдарынан кейінгі жазылған аға буын қаламгерлердің бірнеше шығармасын талдауға тырыстық. Ең бастысы, жазушылардың қай шығармасын алмайық, қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық мәселенің көлеңкелі жағын айналып өте алмаған. Жалған ұраншылдықтан гөрі, адамның жан дүниесі мен қоғамның жан айқайы мен мұңдалап тұр. Авторлардың адамның ішкі жан дүниесіне үңіліп, адам санасындағы сан алуан сезімдік арпалыстардың жетегінде жүруі бір жағынан шынайы суреттелсе, екінші жағынан сол арқылы эмоционалдық, психологиялық құбылыстарды тереңнен зерттеуге дейін барға авторлардың көркемдік ізденістерін көреміз. Әрбір автордың кейіпкерлері жазушының суреткерлік санасында сұрыпталып, көркемдік талдаудан өтіп дүниеге келген автордың шығармашылық процестегі даралығын көрсетсе керек.

Әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік» [6,14]. Ол кең мағынасында күрделі болмыстағы, адам бойындағы көзге көрінетін, көрінбейтін құбылыстарды көркем тілмен қозғалыс, даму үстінде жанды суреттер арқылы көрсету, образды суреттермен елестету.

Әлеуметтік шындықты жазу дегеніміз – ол заманның рухани тыныс-тіршілігін, әлеуметтік мәселелерді көркемдік тұрғыдан жеткізу, қоғамда болып жатқан үлкенді-кішілі оқиғаларға баға беру. Жетістіктерді көрсете отырып, кемшіліктердің себебін ашу, болашаққа бағыт-бағдар сілтеу, қысқасы уақыттың типтік шындығының диалектикасын реалистік тұрғыдан жазу деген сөз. Нағыз көркем шығарма суреткердің өмірге, адамдарға берер бағасы, айтар сыны, солар туралы көкейтесті ойының көрінісі[7,30].

Қорыта келсек, мақаламыздың зерттеу нысанына алынған Ш.Мұртазаның, Н.Дәутайұлының, Е.Қойбағарұлының туындыларында жекелеген адамдар тағдырын зерттеп, суреттей отырып, бүкіл әлеуметтік өмірдің күнгейі мен көлеңкесіне, жалпы моральдық, этикалық болмысына философиялық ой биігінен талдау жасалғанын байқауға болады.

Авторлардың қоғамдық моральдық құндылықтармен қоса, жаңа замандағы антиморальдық құбылыстардың антиобраздарды туғызатынын өз шығармашалықтары арқылы дәлелдей түскен. Себебі, бұл шығармалар өмірдің шындығындағы жазушылардың ұлттық идеология тұрғысындағы жан айқайы ғана емес, сол арқылы қалың оқырманды ойға шақырған көркем шығармашық процесс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ибрагимова Ұ.Б. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000 – 2008 жылдар аралығы). Филология ғылыми ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 133 б.
2. Смағұлова Н.Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Астана, 2007. -132 б.
3. Қирабаев С., Қалижанов У., Орда. Г. т.б. Қазіргі әдебиеттегі ажлпыадамзаттық құндылықтар. – Алматы: «Evo Press»6 20147 – 708 б.
4. Н.Дәутайұлы. Аты жоқ әңгіме. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2012. – 640 бет
5. Қойбағарұлы Е. Суицид. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: «Баянжүрек», 2013. – 404 б
6. Балтабаева Г.С. Қазіргі қазақ әңгімесі (1980-1990-ыншы жылдар) фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999. – 113 б.
7. Ибрагимова Ұ.Б. Қазіргі қазақ әңгімелерінің көркемдік ерекшеліктері (2000 – 2008 жылдар аралығы). Филология ғылыми ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. – 133 б.